



# АСКЕРИ

# ЗАҢҒЕР

Gazet 2017 jyldyń qańtar aynan  
bastap shyǵady  
Газета издается с января 2017 года

№11 (94) - қараша/ноябрь 2024 jyl/года

Respublikalyq áskeri-quyqytq gazet / Республиканская военно-правовая газета

## МИНИСТРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

**РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДА ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫНА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛЕРІ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ОҒАН ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ РУСЛАН ЖАҚСЫЛЫҚОВ ТА ҚАТЫСТЫ.**

Отырыс басталғанға дейін делегация басшылары әскери даңқ мемориалы – Белгісіз сарбаздың қабіріне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

Қорғаныс министрлері ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2030 жылға дейінгі әскери ынтымақтастық тұжырымдамасы-

ның жобасын қарады.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына дайындыққа ерекше назар аударылды. Ұрыс даласында қаза тапқан жауынгерлерді еске алу мақсатында бірқатар іс-шаралар, оның ішінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің IV әскери-спорттық ойындары ұйымдастырылатын болады.

Отырыста сондай-ақ 2024 жылы Достастық мемлекеттері қорғаныс министрлері кеңесінің жұмыс органдарының әскери ынтымақтастықты дамыту жөніндегі қызметінің қорытындылары шығарылып, алдағы кезеңге арналған жоспары белгіленді.



## ТҮРКИЯ ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІ УЧИЛИЩЕСІНДЕГІ КЕЗДЕСУ

**ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСТЫҒЫ ӘДІЛЕТ ПОЛКОВНИГІ ТІЛЕУХАН БАСҚОЖАЕВ БАСТАҒАН ӘСКЕРИ ДЕЛЕГАЦИЯ АНКАРАДАҒЫ ҚАЗАҚСАНДЫҚТАР ОҚИТЫН ОҚУ ОРНЫНА БАРДЫ.**



Осы сәтте Мәскеуден Астанаға ұшқан Қазақстан Қорғаныс министрі курсанттармен бейнебайланыс арқылы байланысқа шықты.

– Мемлекет сіздерге әскери білім алуға керемет мүмкіндік берді. Сондықтан білімді сапалы игеру үшін күш-жігерді аямау керек. Бұл сіздердің мемлекет, Президентіміз және халық алдындағы басты міндеттеріңіз. Болашақта халықтың тыныштығы, оның шекарасын сенімді қорғау сіздерге байланысты, – деп атап өтті Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов.

Өз кезегінде курсанттар Айбек Жұмабек пен Әмір Бейсенов сөз алып, Қарулы күштер қолбасшылығына алғысын айтты. Олар оқытудың жоғары деңгейін атап өтіп, басшылықты білімді сапалы игеруге және әскери тәртіпті сақтауға бар күш-жігерін салатынына сендірді.

Құрлық әскерлері училищесінде болған офицерлер инфрақұрылыммен, материалдық-техникалық базамен, оқыту жағдайымен, Түркия Қарулы күштері әскери қызметшілерін моральдық-психологиялық және идеологиялық дайындауды ұйымдастырумен танысты. Қазақстандық делегация үшін көшбасшылық, қызметтік этика және кәсібилік бойынша сабақтар ұйымдастырылды.

Сапар барысында қазақстандық курсанттармен кездескен әділет полков-

нигі Тілеухан Басқожаев оқу жағдайы, бос уақыттың ұйымдастырылуы және туған-туыстармен байланыс секілді мәселелерді сұрады.

Делегация басшысы армияға білікті, білімді, талантты мамандар қажет екенін атап өтті.

– Беделді әскери оқу орнында оқу сіз-

дерге тамаша мүмкіндіктер ашады. Сондықтан оқу бағдарламасын толыққанды меңгеру үшін бар күш-жігерді салу қажет. Білім – баға жетпес байлық екенін естен шығармаңыздар, – деді әділет полковнигі Т.Басқожаев.

Курсанттар үшін елден жеткен сәлемдеме бауырсақ пен құрт жағымды сәт болды.



### ЕДИНАЯ ПОЛЕВАЯ ФОРМА ОДЕЖДЫ

стр. 3

### ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗІ

стр. 4

### ЦИФРЛАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

стр. 8



## ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ

**В СТОЛИЧНОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОМ ЦЕНТРЕ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СОСТОЯЛОСЬ DIGITAL ARMY DAY 2024.**

В нем приняли участие министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Жаслан Мадиев, первый заместитель министра обороны – начальник Генерального штаба Вооруженных Сил РК генерал-лейтенант Султан Камалетдинов, депутаты Парламента, представители государственных органов, АО «Национальные информационные технологии», АО «Казахстан ГИС Центр» и средств массовой информации.

Общую картину цифровой трансформации ведомства гостям мероприятия представил заместитель министра обороны Дархан Ахмедиев. Как заметил ответственный за цифровые процессы в армии, работа ведется по многим направлениям: автоматизация систем управления войсками, управления ресурсами и государственным услугам.



– Сегодня цифровизация охватывает процессы образования, здравоохранения, экономики, социальных коммуникаций. Не исключение и оборонная сфера, где сейчас с ее помощью можно достичь превосходства над противником, – пояснил он.

Как сообщил замминистра Дархан Ахмедиев, благодаря сотрудничеству со

смежными ведомствами значительно упрощены процедуры, связанные с принятием на воинский учет 16-летних юношей. Перевод услуги в проактивный режим позволяет ежегодно экономить более миллиарда тенге бюджетных средств. По состоянию на сегодняшний день целевой индикатор по их переводу в электронный формат составляет 100%.

В Силах воздушной обороны внедрена автоматизированная система управления, которая применяется при выполнении задач по охране воздушного пространства.

В Сухопутных войсках завершается разработка модуля «Боевая подготовка». Его внедрение позволит сократить время на планирование боевой подготовки, составление расписаний занятий и упростить другие вопросы. Кроме того, будет полностью автоматизирован учет боевой подготовки и перечень необходимых документов.

Кроме того, в Вооруженных Силах полностью автоматизирована система управления ресурсами, начиная от кадрового учета до медицинского обеспечения, оцифрованы базы данных вооружения и военной техники, системы учета боеприпасов и многое другое. Это целый комплекс информационных систем, решающий вопросы автоматизации функций учета и управления человеческими, техническими и материальными ресурсами.

– Казахстанская армия не может оста-

ваться в стороне от процессов цифровой модернизации. Министерством обороны совместно с другими государственными органами проделана большая работа по цифровой трансформации, которая постепенно приходит во все сферы жизни каждого человека, и со временем она будет становиться все более явной и заметной. Уже достигнуты высокие результаты, накоплен положительный опыт по внедрению цифровых технологий, создан потенциал сил и средств, способных решать задачи цифровизации. Мы в свою очередь будем поддерживать и способствовать дальнейшему развитию оборонного сектора в рамках цифровизации, – подчеркнул министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Жаслан Мадиев.



## ПРОВЕРКА ГОТОВНОСТИ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ ВМС

**КОМПЛЕКСНАЯ ПРОВЕРКА КОМИССИИ ГЕНЕРАЛЬНОГО ШТАБА ВООРУЖЕННЫХ СИЛ ОХВАТИЛА ВСЕ АСПЕКТЫ ПОДГОТОВКИ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ И ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ ВМС.**

На первом этапе был проведен строевой сбор, на котором было изучено соблюдение требований по внешнему виду личного состава и наличие документации. Проверено знание военными моряками го-

сударственно-правовых дисциплин и общевоинских уставов.

– Комплексная проверка позволяет оценить уровень подготовки военнослужащих, а также установить степень слаженности органов управления и подразделений Военно-морских сил, – уточнил старший офицер департамента стратегического развития Министерства обороны полковник Жалгас Балабеков, руководивший проверкой.

Комиссия проверила организацию бо-



евого дежурства, состояние противодиверсионной безопасности, вооружения и военной техники. Изучено качество организации должностными лицами вопросов боевой и мобилизационной готовности в подчиненных соединениях и воинских частях.

На пунктах управления, в учебных классах и на полигонах военнослужащие продемонстрировали готовность к выполнению поставленных задач. Уделено внимание тактической и тактико-специальной подготовке. Проверены знания и навыки военнослужащих по огневой, инженерной и технической подготовке. Особое внимание было уделено вождению боевых и специальных машин.

Итоговая проверка Военно-морских сил направлена на обеспечение боеготовности

и боеспособности войск, повышение эффективности и слаженности действий подразделений.



## ЖАС САРБАЗДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН БІЛДІ

**АЛЫС ШАЛҒАЙДАҒЫ ПРИОЗЕРСК ГАРНИЗОНЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН САРБАЗ АНАЛАРЫНЫҢ «АНАЛАР ЖҮРЕГІ» КОМИТЕТІНІҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨКІЛІ ӘУБӘКІРОВА ЗАФИРА ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ КЕЛДІ.**

Басты мақсаты – Отан алдындағы борышын өтеп жүрген мерзімдік қызмет әскери қызметшілердің күнделікті әскери қызметтегі тыныс-тіршілігімен көзбен көріп танысу. Алдымен, жақында ғана күзгі

әскерге шақырумен 06708 әскери бөлімдегі Қарағанды облысынан келген жас сарбаздармен кездесті. Олардың орналасқан үй-жайын аралап көріп, тұрмыстық жағдайларымен танысты. Сонымен қатар, 44841 және 18405 әскери бөлімдеріндегі сарбаздармен де жүздесіп, олардың өз отбасыларына аман-есен оралуларын тіледі.

**Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы**



# ЕДИНАЯ ПОЛЕВАЯ ФОРМА ОДЕЖДЫ



## В ОРУЖЕННЫХ СИЛАХ ПРОХОДЯТ СТРОЕВЫЕ СМОТРЫ ЛИЧНОГО СОСТАВА, ПЕРЕШЕДШЕГО НА НОВЫЕ ОБРАЗЦЫ ЗИМНЕЙ ПОЛЕВОЙ ФОРМЫ ОДЕЖДЫ.

Напомним, о необходимости перехода на единую полевую форму одежды для военнослужащих было заявлено на Всеармейском совещании в мае 2023 года. После выхода Указа Президента РК от 12 декабря 2023 года началась реализация поставленной задачи.

Как поясняет заместитель начальника Тыла Вооруженных Сил полковник Асет Оразалин, в особый период другие войска и воинские формирования переходят под начало Вооруженных Сил. Соответственно, и полевая форма, выполняющая маскирующую функцию и учитывающая особенности климата и географические особенности местности, также должна быть единой.

Существенным изменениям форма одежды подвергалась в 1999, 2006 и 2011 годах. Но переход на единый фасон и расцветку формы военнослужащих всех силовых структур осуществлен впервые.

Решение в пользу расцветки MultiCam было принято после изучения опыта других стран. У нее отличные свойства маскировки на фоне растительности, городских постро-



# ШЫМКЕНТТЕГІ САРБАЗДАРЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

**ШЫМКЕНТТЕГІ ӘУЕ ШАБУЫЛЫНА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ БРИГАДАСЫНДА БӨЛІМНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 41 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА ӨТТІ. БҰЛ КҮН ТЕК АРДАГЕРЛЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҮШІН ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ӨЗ ҚЫЗМЕТІН АЯҚТАП, ЗАПАСТАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР САНАТЫНА АУЫСАТЫН ОТЫЗ МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТ САРБАЗДАРЫ ҮШІН ДЕ МАҢЫЗДЫ БОЛДЫ.**

Іс-шараның маңызды сәті сол бригадада қызмет еткен 30 сарбаздың 8-і келісімшарттарға қол қойып, мансабын сол бөлімде жалғастыруы болды. Бұл армиядағы қызмет олардың болашақ мамандықтарын анықтауда бастапқы нүктеге айналғанын көрсетіп, сонымен қатар бөлімдегі жоғары дайындық деңгейі мен моральдық-психологиялық кли-

маттың жайлығын айқындайды. Жастар болашақта өздеріне пайдалы болатын тәжірибе мен білім ала отырып, өз қызметтерін жалғастыруға тырысады.

Запасақа шығарылған жауынгерлердің арасында қатардағы жауынгер Қайсар Дәулетұлы Сұлтанқұлов та өзіне назар аударды. Ол «Срочники-2.0» бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына түсетін тегін оқу сертификатының иегері атанды. Бұл бағдарлама сарбаздарға әскер мектебінен өтіп, білікті даярлаудан өткен кадрлар құруға бағытталған. Қайсар Оңтүстік Қазақстан педагогикалық гуманитарлық университетінде оқуын жалғастырады, бұл ол үшін мәртебе мен одан әрі кәсіби өсу мүмкіндігі болып табылады.

Сондай-ақ, қатардағы Әлімжан Амановтың шешімін атап өту қажет, ол мақсатты түрде мерзімді қызметке шақырылып, соңында Т. Бигельдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері Әскери институтының курсанты болуды

ек и развалин, в пустынной и каменной местности.

Новые образцы формы одежды отличаются улучшенной функциональностью и комфортом. Например, воротник стойка закрывает шею при непогоде. Для удобства хранения карманных документов нагрудные карманы расположены под наклоном и застегиваются на ленту велькро. Знаки различия крепятся также на эту ленту и не требуют пришивания. Дополнительная вставка на спине не стесняет движения. Широкий брючный пояс лучше прилегает к телу, на нем есть также приспособления для регулировки обмундирования.

Кардинальные изменения внесены и в зимнюю форму одежды. Ткань обладает водоупорными, морозостойкими и ветрозащитными свойствами. Утепленные брюки выполнены в виде полукомбинезона. Предусмотрены также трикотажная шапка и шарф-труба из флисовой ткани.

По просьбе военнослужащих, неиспользуемый на практике демисезонный плащ был заменен на куртку. Взамен свитера повседневного предусмотрен свитер полевой. Исходя из природных особенностей,

изменен цвет летних ботинок с высокими берцами с черного на песчаный. Для военнослужащих органов управления ботинки с высокими берцами заменены на кроссовки тактические.

Немаловажна и экономическая составляющая новшества. Его реализация осуществляется только за счет стоимости сокращаемого обмундирования. Оптимизация норм снабжения снизила ежегодную потребность войск более чем на 140 млн тенге.

При этом имеющиеся на складах запасы, в том числе полевое обмундирование старого образца, будут использоваться в качестве рабочего обмундирования для солдат срочной службы, военнообязанных, привлекаемых на ежегодные сборы, и для сотрудников военизированной охраны. Это позволит ежегодно экономить на закупке аналогичного обмундирования более 400 млн тенге.

Отметим также, что военная форма одежды и обмундирование изготавливаются в рамках государственного оборонного заказа исключительно на отечественных предприятиях.



жоспарлады. Бүгінгі күні оның арманы орындалды. Осы жылдың қыркүйек айында Әлімжан «әскери инженер» мамандығын оқуды бастау үшін Ақтөбеге аттанды.

Бригада командирінің міндетін атқарушы подполковник Мират Уашпаев қызметтен босатылған сарбаздарға қоштасу сөздерін айта

отырып, бөлімнің барлық жеке құрамының атынан олардың өз борышын адал атқарғанына алғысын білдірді.

– Біз қызметін аяқтап жатқан сарбаздарымыздың әрқайсысын мақтан тұтамыз. Олардың еліміздің қауіпсіздігіне қосқан үлесін асыра бағалау мүмкін емес. «Срочники-2.0» бағдарламасы біздің жауынгерлер үшін жаңа көкжиектер ашуда, бұл олардың кәсіби маман ретінде дамуына және өсуіне мүмкіндік береді. Келісімшарт бойынша қызметін жалғастыруға бел буған Әлімжан мен басқа да сарбаздар біздің әуе кеңістігіміздің сенімді қорғаушылары болатынына және армиямыздың болашағына елеулі үлес қосатынына сенімдіміз, – деп қорытындылады подполковник Мират Уашпаев.

Әскерге шақырылған сарбаздарды қолдауға арналған осындай бағдарламаның болуы мемлекеттің әскери қызметшілерге және олардың болашағына деген назарын тағы бір рет көрсетеді. Бұл халықтың білім деңгейін арттырып қана қоймай, армияның кадрлық әлеуетін нығайтуға да ықпал етеді. Қауіпсіздіктің заманауи сын-қатерлерін ескере отырып, жоғары білікті мамандарды даярлау ерекше өзекті мәселе екенін ұмытпаған жөн.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**

# ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗІ

**ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРГЕ ЖҮГІНСЕК, 1929 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАРАШАСЫНДА ҚЫСЫЛ ӘСКЕР» («ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР») ГАЗЕТІ ЖАРЫҚ КӨРДІ. ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПАЙЫМДАУЫНША, БҮГІНГІ «САРБАЗ» – СОЛ БАСЫЛЫМНЫҢ ЗАҢДЫ ЖАЛҒАСЫ.**

### Түп-тамыр

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» дейтін орнықты тұжырымы бар. Осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі Аханың бұл сөзі әлі мәнін жоғалтқан жоқ.

Осыдан 145 жыл бұрын іргетасы қаланған (алғаш 1870-1882 жылдары Ташкентте «Түркістан уалаятының газеті» мен Омбыда «Дала уалаятының газетінен» 1888-1902 жылдары жарық көрген) қазақ баспасөзінің ХХ ғасырдың басында («Тұрмыс» 1905 ж., М.Дулатов «Серке» 1907 ж. газеті, М.Сералин «Айқап» 1911-15 ж. тұңғыш журналы, Е.Бүйрин «Қазақстан» 1911-13 ж. газеті, А.Байтұрсынов «Қазақ» 1913-18 ж. газеті, «Еркін қазақ», «Алаш» 1916 ж., «Бірлік туы», «Сарыарқа» 1917 ж., «Абай» 1918 ж., «Жас азамат» 1918 ж., «Ақ жол» 1920 ж., «Шолпан», «Сана», «Темір қазық» 1923 ж.) қалыптасқаны белгілі.

Айта кету керек, сол кезеңдерде А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Шоқай, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, К.Кемеңгер, Ж.Ақпаев, М.Тынышбаев, т.б. алаш қайраткерлері қазақ баспасөзінің дамуына зор үлес қосып, газеттер мен журналдарда қазақ халқының саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелерін көтеріп, ұлттық сана-сезімінің оянуына, елдегі демократиялық үрдістердің дамуына жол ашты.

Осы кезеңде қазақ баспасөзі қоғамның қай саласына болсын араласып, барлық жанрларда тақырыптық, идеялық жағынан кең өріс алды.

### Қазақстан әскери баспасөзі

1918-1920 жылдардағы кеңестік Ресейде орын алған азаматтық соғыс қазақ елін де шарпығаны мәлім. Сол кезде қазақ халқы қызыл армия қатарында да, «ақтар» басып алған аудандарда



жасақталған партизандық жасақтар құрамында да азаматтық соғысқа қатысуға мәжбүр болды. Дегенмен, көбісі Кеңес үкіметінің әскери құрылымы қызыл әскерді (жұмысшы-шаруа қызыл әскері) қолдап, оны орнатуға күш салды.

Соған сәйкес кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1918 жылы жұмысшы-шаруа қызыл әскерін құру туралы декрет шығып, 21 ақпанда жұмысшылар мен шаруаларды қызыл әскер қатарына шақырған үндеу қабылданды. Мұнымен қоса, Жоғарғы әскери кеңес (4-наурызда), әскери комиссариаттар (8 сәуірде), Бас штаб пен әскери округтер (4 мамырда) құрылды. Сол 1918 жылдың 4 мамырында РКФСР ХКК-нің шешімімен құрылған округтің бірі – Түркістан әскери округі. Оның құрамында

Түркістан облысы, Каспий бойы аймағы, Самарқан, Ферғана, Сырдария, Жетісу аймақтары болды. Штабы Ташкент қаласында орналасты.

Осы кезде 1918 жылдың қазанынан бастап Ташкентте әскери округтік басылым жарық көрді. Атын бірнеше рет («Красноармеец», «Красный фронт», «Набат революций», «Клич трудового казачества», «Борец за коммунизм», «Еженедельник политработника», «Красноармейская газета», «Красная звезда») өзгерткен сол газет туралы зерттеуші-ғалым Александр Рашков: «Жаңа сападағы әскери басылымды одан әрі дамыту үшін әзірленген негіз ретінде «Красноармеец» газетін Түркістан өлкесіндегі тұңғыш басылым деп айта

аламыз», («Қазақстан Республикасы әскери баспасөзінің даму үрдісі» атты зерттеу еңбегінде) дейді. Ғалымның жазуынша, бұл тұңғыш басылымның (1918 ж.) 30-ға жуық нөмірі жарық көрген.

Одан кейін, әрине, ғалымның зерттеуінде келтірілген Орынбор мен Полторацкеде «Кизил юлдуз»-«Красная Звезда», Ақтөбе майданында «Наша фронтовая жизнь» (1919 жылғы мамыр айының соңында), Жетісу майданында (1919 жылдың желтоқсанында) «Бой за коммунизм», Түрк майданында 3-ші Түркістан дивизионы саяси бөлімі органының «Правда» газеттері әскери журналистиканың негізін қалыптастырды. Бұл басылым беттерінде көбінесе, майданнан жеткен хабарламалар, елдің ішкі жағдайы мен халықаралық оқиғаларға қатысты мақалалар «ресми» тілде беріліп тұрды.

Ал, 1926 жылдары елдегі әскери құрылымдық өзгерістерге байланысты жоғарыда түрленген «Фрунзевец» газеті бұрынғыдай Түркістан әскери округіне емес, Орта Азия округіне қарайды. Өйткені, сол жылдың 4 мамырында Түркістан майданы Орта Азия әскери округі болып өзгерген-ді. Округ құрамына қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан республикаларының аумағы кірді. Осыған байланысты, әскери басылымның да жұмысы кеңейіп, бес республикадағы қорғанысқа бағытталды.

### Қазақтың әскери басылымы

Жалпы тұңғыш ана тілімізде (қазақ тілінде) жарық көрген газет – «Қызыл әскер». Александр Рожков мырзаның дерегіне, «Qызыл әскер» («Қызыл әскер») – Қазақ әскери комиссариатының, кеңес қоғамдық-саяси қорғаныс ұйымының және «Еңбекшіл қазақ» баспасының апталық газеті. Басылым 1929 жылдың 7 қарашасынан бастап, 1936 жылдың 31 қазанына дейін Алматыда аптасына бір рет, қазақша латын әріптерімен және кішігірім ақпараттар араб әріптерімен жазылып шығыпты. Басылым форматы үлкен – А0.

Газет жазылу арқылы және жеке сатылымға да беріліп отырған.

Газетпен Илияс Жансүгіров, Асқар Лекеров, А.Көшімов шығармашылық қарым-қатынаста болыпты. Шығу мақсаты қорғаныс саласында жүргендерді сөзбен демеу, әскери қызметке жастарды тарту және офицерлердің әскери білімін жетілдіру еді. Газет бетінде алғашқы әскери дайындық (соның ішінде әйелдер үшін де), шетелдегі әскери жаңалықтар, сонымен қатар, ақын-жазушылардың





өлөңдері мен әңгімелері жарық көріпті.

Баса айта кететін жайт, сол уақыттың өзінде фотолар, кестелер, түрлі қызықты суреттермен қоса, мақалалар публицистикалық стильде жазылып, соның арқасында қазақша әскери терминдер қолданысқа енгізілген екен. Бұл газеттің тігіндісі бүгінде толық болмаса да, бірді-екілі нөмірі Алматыдағы ғылыми-техникалық ақпараттық орталығында сақталған.

«Журналистиканың алтын парағы»

1941 жылы Ұлы Отан соғысы кезеңде қарумен бірге қолдарына қалам алып, майдан даласының шежіресі болған майдангерлер әскери баспасөздің дамуына едәуір үлес қосты. Олар Кеңес әскери жауынгерлеріне рух беріп, олардың ерлік ісін қаламдарына арқау етті. Ана тіліміздегі басылымдардың қатары көбейіп, қазақ тілді әскери баспасөздің жүгі едәуір көтерілді. Осы кезеңді тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қозыбаев «қазақ журналистикасының алтын парағы» деп санайды. Оның айтуынша, қазақ тілінде 20-ға жуық майдандық, армиялық және дивизиялық газеттермен қоса, жүздеген жауынгерлік парақшалар шығып тұрған. Материалдар жауынгерге жететіндей тілмен, ашық, қызықты жазылып, нақты бағытталғандығымен ерекшеленген. Ол кездегі майдандық басылымдар жауынгерлердің бойындағы жауға деген жеккөрушілік қасиет пен оларды жеңіп шығуға деген құлшынысын арттырды, өз Отанын шексіз сүйуге тәрбиеледі. Елімізден соғыста 70-ке жуық журналистер қызмет жасады. Дәл осы басылымдардан әскери қазақ публицистикасы шығып, кейіннен қатайған.

Қазақ әскери журналисі

1969 жылы Орта Азия әскери округі қайта құрылғанда еліміздің әскери баспасөзі «Боевое знамя» газеті дүниеге

келді. Сексенінші жылдың ортасында осы газетте өзге ұлт өкілдерімен бірге, бір қазақ журналисі жұмыс істеген екен. Ол – бүгінде қазақ әскери журналистикасының атасы саналатын Сапарғали Жағыпаров.

Қызмет еткен сол жылдарда еске ала: «1984 жылдары Боевое знамя» газеті А-2 форматта, күн сайын, жүз мыңнан астам таралыммен шығып тұрды. Өз алдына редакциясы бар басылымды полковник Владимир Чекалин басқарды. Редакцияда тәжірибесі мол әскери журналистер, шамамен 50 шақты адам жұмыс істеді.

Мәскеудегі Львов атындағы жоғары-саяси училищесін бітірген тұңғыш қазақ әскери журналисі Сапарғали Жағыпаров лейтенант кезінен-ақ осы газетпен тығыз байланыста болған. Тынық мұхиты флотында жүріп, қаламын серік еткен Сапар аға тек «Боевое знамяда» ғана емес, еліміздің басқа да басылымдарында қазақ тілінде әскери тақырыптарды қаузады.

ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, запастағы полковник Сапарғали Жағыпаров қазір әскери ортада сыйлы, оны білмейтіндер кемде-кем. «Боевое знамядағы» кезеңінен бастап бүгінге дейінгі қаламы түспеген Сапар ағаның өмірі бізге де үлгі.

Тәуелсіздік жаршысы – «Қазақстан сарбазы»

Тәуелсіз Қазақстан армиясының жаңа тарихы 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қарулы Күштерді құру туралы Жарлығына қол қойған күннен бастау алды. Қазақстанның Қарулы Күштерінің дербес құрылымы өмірге келгеннен соң, араға алты сай салып, «Боевое знамя» газетінің базасында ҚР Қорғаныс министрлігінің органы «Қазақстан сарбазы» - «Воин Казахстана» газеті өз оқырмандарына жол тартты.

Газеттің алғашқы санының жарық көруі 1992 жылдың 16 желтоқсанына тұспа тұс келді. Аталмыш басылым өзінің алғашқы санын ел Президентінің ақ батасымен

ашып, тұсауын кесті.

Газеттің тұңғыш бас редакторы Виль Рахманқұлов болды. Одан кейін есімі бәрімізге таныс Сапарғали Жағыпаровқа бас редакторлық бұйырды.

«Қазақстан сарбазы» - «Воин Казахстана» газеті А-2 форматта, 4-беттен, аптасына екі рет, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Бұл басылым Қазақстан Қарулы Күштерінің қалыптасуы мен дамуына өзінше үлес қосты. Әр қадамы, әр жолы осы газет беттерінде айқын көрініс берді», - дейді сол кезді еске ала Сапар аға.

Иә, сол кезде газеттің әр қызметкері өзінше үлес салмағын бөліскені рас. Атап өтсек, әскери тақырыпқа қалам тербеген Совет Сейітов, Марат Нұрсейітов, Кәкімхан Құттыбаев, Сәндібай Күмісбеков, Шәміл Хайруллин, Борис Грибачев, Алтынбай Дәуренбеков, Жүніс Омар, Әубәкір Смайлов, марқұм Құдайберген Медиманов, Марат Жүніс-Бек, Мұхарбек Махамбет және т.б. «Қазақстан сарбазында» қолтаңбалары қалды.

Атауы «Сарбаз» болып ауысты

2008 жылы «Қазақстан сарбазы» атын (2007 жылдың аяғына дейін «Қазақстан сарбазы» (Воин Казахстана) деген қосарланған атпен шығып тұрды) өзгертіп, «Сарбаз» газетіне айналды. Газеттің бас редакторы Ярослав Голышкин болды. Ал қаржы жағынан басқару «Қазақстан ГАЗ орталығы» акционерлік қоғамына берілді.

Сол тұста «Сарбаз» газеті қазақ және орыс тілінде А-3 форматта, аптасына бір рет, 16 беттік болып шығып жүрді. Сонымен қоса, «Айбын» журналы да жарық көріп, әскери басылымның қатары толықты.

Кейін атауы өзгерген осы газеттің бас редакторлық тізгінін қаламы қарымды, белгілі журналист Ергазы Әсембеков ұстады. Ераған бұл газетте соңғы өмірін сарп етті. Бес жыл бойы басқарған басшы газеттің мазмұнына ғана емес, бет-пішініне де өзгеріс әкелді. Қара шаңырақтағы

ұжымды ұйыта білген марқұм Ерағаның еңбегі өлшеусіз. Ол кісі өмірден озса да, елеулі ісі газет беттерінде қатталып қалғаны сөзсіз.

Бүгінгі баспасөз тынысы

2015 жылы «Қазақстан ГАЗ орталығы» АҚ-ның еншілес «ГИС Әскери медиа» ЖШС құрылып, «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы осыған қарады. Жеке отаудың тізгіні сол кезде Нұрғали Бақтиярұлына бұйырды. Ал бас редакторлық қызметті журналист Қойшыбай Есентаев атқарды. Кейін бұл қызметтерге Батырхан Қуатбек лайықты болып танылды.

Батырхан Серікұлының тұсында аталмыш серіктестік құрамына тағы да бір «Әскери заңгер» атты басылым қосылды. Және заманға сай «sarbaz.kz» сайты жұмыс істеді.

2019 жылдың ортасына дейін бас газетіміз пішінін өзгертіп, D-2 форматта, аптасына бір рет, 6 бет – қазақ тілінде, 6 бет – орыс тілінде оқырмандарға жол тартты. Алғашқы беттің сол жақ қапталындағы ақпарат және әр беттегі айдарлар мен тақырыптар мемлекеттің тілдік саясатына байланысты латын көрінінде шығып тұрды.

Қазақ әскери баспасөзінің 90 жылдығынан кейін газет ісі қаражат тапшылығына ұшырады. Соған байланысты бүгінде редакция ұжымы қашықтықтан қызмет етіп, сол қаражатқа байланысты бет-пішіні өзгертіліп, 8 беттік (4 бет – қазақ, 4 бет – орыс тілінде) болп, жарық көріп жатыр.

Иә, қорыта айтар болсақ, жаңа сападағы «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы еліміздің қуатты Қарулы Күшін дәріптеуде, айбынды әскердің абыройын асқақтатуда дәстүр сабақтастығын әлі де жалғастыра бермек.

Рима ӘБЕУОВА «САРБАЗ»

Large graphic advertisement for 'KAZAKHSTAN SARBAZY' newspaper. It features a blue and white color scheme with a star emblem. Text includes: 'МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ОТАНДАСТАР!', 'СЕГОДНЯ—ДЕНЬ ГОСУДАРСТВЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ. С ПРАЗДНИКОМ, ДРУЗЬЯ!', 'В ДОБРЫЙ ПУТЬ, ГАЗЕТА!', 'КАЗАХСТАН САРБАЗЫ ВОИН КАЗАХСТАНА', 'ПРИКАЗ Министра обороны Республики Казахстан', '16 декабря 1992 г. № 252', '16 декабря 1992 года. «Казакстан сарбазы»—«Воин Казахстана»', 'В ЕДИНОЙ СЕМЬЕ', '«АФГАНЦЫ» — ЦЕМЕНТИРУЮЩАЯ СИЛА', 'Край, который мы защищаем', 'ЗЕМЛЯ ДРЕВНЯЯ И МОЛОДАЯ'. The graphic includes a map of Kazakhstan and a star emblem.



## АРЫСТЫҢ МҰРАЖАЙЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БҰРЫШ

**АРЫС ҚАЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ МҰРАЖАЙЫ ІШІНЕН 44859 ӘСКЕРИ БӨЛІМ АУМАҒЫНДАҒЫ ОҚ-ДӘРІЛЕРДІ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ИНЖЕНЕРЛІК-САПЕРЛІК БАТАЛЬОН ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЙЫ БҰРЫШ АШЫЛДЫ. МҰНДАҒЫ МАҚСАТ ҚАУІПТІ ОҚ-ДӘРІЛЕРДІ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН АТҚАРЫП ЖҮРГЕН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІН МӘҢГІЛІККЕ ҰЛЫҚТАУ ЖӘНЕ**

**ҰРПАҚҚА ҮЛГІ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛҒА АЛЫНДЫ.**

Ашылу салтанатына ҚР Қарулы Күштері инженерлік әскерлері департаментінің бастығы, полковник Руслан Жансейтов, қала әкімінің орынбасары Алмаз Сұлтанов, «Айбын» әскери-патриоттық клубының жас сарбаздары және әскерилер мен қала тұрғындары, сала ардагерлері мен қызмет барысында ерлікпен қаза тапқан сарбаз-

дардың туыстары қатысты.

Іс-шарада сөз алған полковник Руслан Жансейтов ел үшін жан қиған сарбаздардың ерлігін еске алу мақсатында ұйымдастырылған бұл бұрыштың ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

– Батырлармен қоштассақ та, олар мәңгі есте қалады. Мұражайға келген әрбір қонақ біздің саперлеріміздің табандылығы мен адалдығының дәлелі болатын бірегей экспонаттарға жақын таныса алады. Біздің мысал өскелең ұрпақтың арасында әскери қызметтің маңыздылығын түсіндіріп, олардың елге деген сүйіспеншілігін арттыруға септігін тигізеді деп сенеміз, – деді полковник Жансейтов.

Музейге аумақты саперлық батальонның қолданған құрылғылары, снаряд түрлері және жауынгерлердің қызмет барысындағы фотосуреттері қойылған. Сонымен қатар ерлікпен қаза тапқан сарбаздардың өмірбаяндарымен танысуға мүмкіндік бар.

Осы ашылу салтанатының бір бөлімі



ретінде батальон арнайы көрме ұйымдастырды. Мұнда келген қонақтар саперлар қолданатын күнделікті құрал-саймандарды көріп, олардың қалай қолданылатынын өз көздерімен көруге мүмкіндік алды.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**

## РАБОТА НАД ПРОЕКТОМ СОЗДАНИЯ АКАДЕМИИ ВОЕННОЙ МЕДИЦИНЫ

**ПЕРВОЕ ОРГАНИЗАЦИОННОЕ МЕЖВЕДОМСТВЕННОЕ СОВЕЩАНИЕ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО СОЗДАНИЮ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «АКАДЕМИЯ ВОЕННОЙ МЕДИЦИНЫ МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» ПРОШЛО ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ ЗАМЕСТИТЕЛЯ МИНИСТРА ОБОРОНЫ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТА КАНЫША АБУБАКИРОВА.**

Рабочая группа, состоящая из представителей министерств обороны, здравоохранения, науки и высшего образования, Казахского национального медицинского университета им. С. Асфендиярова, Казахстанско-Российского медицинского уни-



верситета и общественного объединения «Ветераны военной медицины» обсудили детали проекта создания самостоятельного специализированного военно-медицинского учебного заведения.

Заместитель министра обороны генерал-лейтенант Каныш Абубакиров поблагодарил представителей ведомств за плодотворное сотрудничество в вопросах подготовки военно-медицинских специалистов для нужд Вооруженных Сил.

– Реалии современного мира диктуют необходимость развития военной медицины, целенаправленной подготовки военных медиков, умеющих организовать и оказать медицинскую помощь в зоне военных конфликтов и в иных экстремальных ситуациях. Развитые страны имеют собственные школы по подготовке военных медиков. И нам необходим переход к собственной подготовке военно-медицинских кадров с созданием самостоятельного специализированного военно-медицинского учебного заведения, – отметил К. Абубакиров.

С обоснованием проекта по созданию военного учебного заведения выступил начальник Главного военно-медицинского управления полковник медицинской службы Ержан Смайыл. Он обратил внимание,

что дефицит военно-медицинских кадров составляет более 30%. При этом их подготовка за рубежом имеет некоторые отрицательные моменты.

Свою позицию по обсуждаемому вопросу высказали начальник департамента военного образования и науки Министерства обороны полковник Мурат Олжабаев, руководитель управления по образованию департамента науки и человеческих ресурсов Министерства здравоохранения Асет Изденов, заместитель председателя комитета Министерства науки и высшего образования Артур Едилханов, ректор НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет» Нурлан Джайнакбаев, председатель ОО «Ветераны военной медицины» Найман Окапов, главный инспектор – помощник министра обороны Айгуль Тулембаева, заместитель министра обороны – главнокомандующий Силами воздушной обороны генерал-лейтенант авиации Даурен Косанов.

Итоги рабочего совещания подвел генерал-лейтенант Каныш Абубакиров. Обращаясь к представителям ведомственных организаций, он выразил уверенность, что совместные усилия позволят вывести на достойный уровень военную медицину.

## ИСТИННЫЕ ЧУВСТВА НЕ ПОДДЕЛАТЬ

**БОЛЕЕ ДВАДЦАТИ ЛЕТ НАШ ЗЕМЛЯК ДУМАН КУРМАНГАЛИЕВ ОТДАЛ СЛУЖБЕ В РЯДАХ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ КАЗАХСТАНА. В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ СТАРШИЙ ЛЕЙТЕНАНТ ЯВЛЯЕТСЯ НАЧАЛЬНИКОМ ПРЕСС-СЛУЖБЫ ПРИОЗЕРСКОГО ГАРНИЗОНА, НО ПРЕЖДЕ ВСЕГО ОН ИЗВЕСТЕН КАК ТАЛАНТЛИВЫЙ ФОТОКОРРЕСПОНДЕНТ, КОТОРЫЙ ПОКАЗЫВАЕТ СУРОВЫЕ БУДНИ КАЗАХСТАНСКОЙ АРМИИ, РАССКАЗЫВАЕТ О ПОБЕДАХ И ДОСТИЖЕНИЯХ МУЖЕСТВЕННЫХ ЛЮДЕЙ, СТОЯЩИХ НА СТРАЖЕ НЕЗАВИСИМОСТИ И БЕЗОПАСНОСТИ ГОСУДАРСТВА.**

